



• ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

«Qarmet – отандық өндірістің мақтанышы»

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Олжас Бектенов облыстың бірқатар негізгі өндірістік кәсіпорнын шаққарып аралап, өнеркәсіп секторының өзекті мәселелерімен жете танысты.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Үкімет басшысына облыс бойынша 61 инвестициялық жобадан тұратын пул құрылғанын айтты. Жалпы құны 1,5 трлн. теңгені құрайтын жобалар 14 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Олардың басым көпшілігі тау-кен өнеркәсібі, металлургия және құрылыс салаларын қамтиды.

2024 жылы 252 млрд. теңгеге 10 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, катодты мыс, кремний қорытпалары, жел энергетикасы мұнаралары, мырышталған металл бұйымдарын шығару бойынша жаңа өндірістер ашылуы тиіс. Саран қаласында жүк автомобильдерінің өндірісі іске қосылмақ.

«Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын аралау барысында Олжас Бектенов «Steel Manufacturing» патрон зауытының жұмысымен танысты. Биыл винтовка патрондары желісін іске қосуды аяқтау жоспары тұр. Сондай-ақ, түрлі калибрдегі патрондардың сериялық өндірісі іске қосыла деп күтілуде.

Қазақстандық патрон зауыты – қорғаныс-өнеркәсіп кешеніндегі жоғары технологиялық бірден-бір кәсіпорын. Мұнда алдымен қауіпсіздік мәселесіне және өндірісті автоматтандыруға басымдық берілген. Өндірістік үдерістердің барлығы дерлік адамның қатысуынсыз, автоматты түрде жүзеге асырылады. Айта кету қажет, бұған дейін Қазақстанда оқ-дәрі өндірісі болмаған. Ал, қорғаныс саласының қажеттілігі бұрынғы қор есебінен өтелеп, қалғаны шетелден сатып алынды.

Премьер-Министр өз кезегінде зауыт өндірістік қуатын ірікпей, толыққанды жұмысқа лайықты жаракталуына баса мән берді. Сол себепті, аталған кәсіпорынды салалық ведомстволардың жоспарға сай тапсырыстарын сапалы әрі уақытылы атқарып отыратын деңгейде болу қажеттігін атап өтті.

Олжас Бектенов «Қарағанды – Балқаш – Алматы» автожолын реконструкциялау барысында да танысты. Бүгінде жаңа ас-



фальт бедерімен жол қозғалысы лайықты қамтамасыз етілген. Айналма жолдар легін тек салынып жатқан учаскелер ғана кідіртп тұр.

«ҚазАвтоЖол» компаниясының басшысы Дархан Иманашевтың айтуынша, 11 көпір мен қосымша нысандар бойынша негізгі жұмыс аяқталып, Балқаш қаласын айналып өтетін жерде теміржол көпірі арқылы өтпе жол салынған. Оған қоса, тасжол бойында 18 демалыс алаңы, оның ішінде санитариялық-гигиеналық тораптар салынбақ. Жобаны аяқтау үшін қазір жол құрылысы материалдары мен қажетті жайластыру элементтерін даярлау қарқын алған. Бұл орайда Үкімет басшысы осы бағыттағы жұмысты жыл соңына дейін аяқтау қажеттігін қадап айтты. Әсіресе, қосымша арнайы техниканы бөлу әдісімен ұзын-сонар кептелісті болдырмау мақсатында автожолдардағы қар тазалау шараларын күшейтуді талап етті.

Мұнан соң Олжас Бектенов Qarmet металлургиялық комбинатының өндірістік цехтарына ат басын тіреді. Бүгінгі таңда комбинат – республикадағы толық өндірістік цикл бар ірі тау-кен және болат кәсіпорындарының бірі. Қазақстан Респуб-

ликасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, мемлекет өндіріс ошағын әрі қарай дамытуға қажетті қолдау көрсетуде. Премьер-Министр №3 домна пешінің, табақша металды илемдеу цехының, сондай-ақ, ыстық күйде мырыш, алюминий жасау цехтарының жұмысымен етене танысты. Мұнда Премьер-Министр металлургтермен әңгімелесті. Келелі жүздесу барысында кәсіби мамандық мәртебесін арттыру, жалақы көлемін ұлғайту, жас мамандарды даярлау үшін жаңа оқу орындарын құру, өзге де мәселелер көтерілді.

Үкімет басшысы жоғарыда аталған маңызды мәселелердің барлығы және Qarmet-тің алдағы жұмысы да мемлекеттің жіті бақылауында болатынына сендірді.

– Жаңа инвестор өндірісті жаңғырта отырып, қауіпсіздік деңгейін арттыруға ауқымды инвестициялар тарту бойынша міндеттемелер қабылдады. Бұл – бос сөз емес. Мұның бәрі қағазға қатталған және мемлекеттің бақылауында болады. Президент тиісті тапсырма берді. Комбинаттың тынысы кеңейіп, жарқын өмірге жол ашатынына сенімдіміз. Qarmet – отандық

өнеркәсіптің мақтанышы. Біз өз тарапымыздан бақылау амалдарын күшейтіп, жан-жақты қолдау көрсететін боламыз, – деді Олжас Бектенов.

Өндірістік цехтарды аралап шыққаннан кейін Премьер-Министр салалық ведомство басшылары, жаңа инвестор, әкімдік өкілдері және кәсіпорын қызметкерлерінің қатысуымен Qarmet-тің өзекті мәселелерін шешу жөнінде кеңес өткізді. Qarmet акционері Андрей Лаврентьев 2028 жылға қарай темір кені концентратын шығаруды 5 млн. тоннаға дейін ұлғайту, 9 млн. тонна көмір және 5 млн. тонна болат өндіру көзделгенін баяндады. Оған қоса Үкімет басшысының назарына химия, мұнай, құрылыс және кеме жасау салалары үшін болаттың жаңа және премиум маркаларын шығару, жүк техникасын, автобустарды, ауыл шаруашылығы техникасын, теміржол вагондарын өндіру әлеуеті ұсынылды. Әсіресе, автомобиль жасау кезінде қолданылатын болаттың жекеген түрлеріне ерекше назар аударылмақ. Бұл отандық машина жасау өндірісін локализациялауға оң әсер етеді.

► 2-бет

• ҚҰҚЫҚ

Букмекерлер – комитет қадағалауында

Алдағы уақытта букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар мәліметтерін мемлекеттік кірістер органдары қадағалайды. Заңға толықтырулар 2024 жылғы 12 ақпанда күшіне енеді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Талапқа сай кеңселердің өзара іс-қимылы, тәртібі тиісті қағидалармен айқындалатын болады. Қағидалар букмекерлік кеңселердің мемлекеттік кірістер органдарына беретін және салық салу мақсаттары үшін пайдаланылатын деректерін айқындайды.

Атап айтсақ, оның ішінде бәс тігуге қатысушының ЖСН-і, ставкалар сомасы, бәс тігу нәтижелері, ұтыстар сомасы, ойын шотынан толықтыру-алу жұмыстары толық тексеріледі.

Мемлекеттік кірістер комитеті баспасөз қызметінің хабарлауынша, қазіргі таңда әзірленген қағидалар аясында мүдделі мемлекеттік органдармен келісім жұмыстары жүргізілуде.

Нормалар салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге, сондай-ақ, мемлекеттік орган мен бизнес субъектілері арасындағы ақпараттық іс-қимылды тиімді жүргізуге бағытталған.

«Ақпараттандыру туралы» Заңға сәйкес мәліметтердің құпиялылығы сақталады.



Сурет ашық деректен

• СЕМИНАР

Күре жолда күрделі мәселе көп

Автожолдардың сапасы жұртты жиі зуре-сарсанға салуда. Облыс бойынша жергілікті маңызы бар жолдардың жартысынан көбі жөндеуді қажет етеді. Шұрық-тесік асфальттан көлік ағыны да жиіледі.

Мамандар Қазақстанның жолын тегістеуге болатынын айтады. Оған ресейліктердің «ANT Stone Roads» технологиясы мүмкіндік береді. Қазақстанда қолданысқа енген жаңа технологиядан тек Қарағанды облысы тыс қалған. Жол жөндеуде қолдануға қажетті қиыршық тас та пайдаланушыз тұр.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың автожолдарды жөндеуде «ANT Stone Roads» технологиясын негізін пайдаланбай отырғаны түсініксіз. Дегенмен, қиыршық тасты қолдану арқылы жол сапасын арттыруға болатынын мамандар талай дәлелдеген. Жол сапасын бақылайтын баға жағынан тиімді қиыршық тастың күн тәртібінен тыс қалуына «салынып жатқан республикалық маңызы бар жолдардағы жемқорлық кінәлі» дегенді алға тартады.

Жақында ресейліктер облысқа арнайы келіп, «ANT» технологиясын таныстырды. «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» Қарағанды облыстық филиалы ұйымдастырған халықаралық семинарда «Ant-engineering» ЖШС ұйымының директоры Виктор Батаков Қазақстандағы жол сапасына тоқталды. Әсіресе, қиыршық тасты пайдалану арқылы тау-кен және металлургия өнеркәсібінің қалдықтары сияқты әртүрлі материалдардан монолитті тас тақтаны «ANT» арқылы жасайтын мүмкіндік бар екенін айтып бақты. Бүгінде Қазақстанның алты облысында қолданысқа жараған «ANT» тәжірибе жүзінде өзінің тиімділігін



көрсеткен.

– Заманауи және қауіпсіз жолдар керек десеніз, «ANT» – бәрінен озық технология. Технологияның негізгі элементі – «Топырақ

тұрақтандырғыш «ANT» препараты. Ол жол төсемдерін жаңа техника арқылы жасауға мүмкіндік береді. Технология құрылыс шығындарын азайтады, арзан материалдар-

ды пайдалануға мүмкіндік береді, жұмыс уақытын қысқартады. Бірқатар техникалық мәселені шешеді.

Компания әртүрлі климаттық аймақтарда жұмыс істейтіндіктен, Қазақстанның төтенше жағдайларын қоса алғанда, әлемнің 11 елінде 1000 шақырымнан астам автожолдар салған, – дейді Виктор Батаков.

Семинар аясында «ANT» автомобиль жолдарын салу және жөндеу технологиясын Прибалтика, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген өкілдер тамашалады. Семинарға қызығушылық танытқандар арасынан тек Нұра ауданынан келген жол сапасының мамандары ерекшеленді. Жастар салынып жатқан кәсіпшілік жолдың 90 пайызы сапасыз деп санайды. Сапасыз жобалар арқылы жол салуды болдырмау мақсатында тәжірибе жинақтауға арнайы келіпті.

Семинарда Қазақстанға алғаш «ANT-ны» ұсынған Орал қаласының тұрғыны Рахым Баяновқа сауал қоюға мүмкіндік туды. Ресей жобасын жетік меңгеріп келген ол 2022 жылы Президент Батыс Қазақстан облысы автожолдарының 70 пайызының сапасы сын көтермейтінін айтқандан кейін елімізде жолдарға қатысты сең қозғалды деп есептейді.

– 2017 жылдан «ANT-мен» жұмыс істегеннен кейін, Орал облысында 400 шақырым жол жөнделді. Бұған дейін БҚО-на қиыршық тас пен битумды жеткізу мәселесі қиындық тудырды. Жол құрылысын аяқтау үшін 1931 тонна қиыршық тас, оны әкелуге 28 мың вагон қажет болды. Битум ташылығын шешуде Ресейден битум импортына тыйымды алып тастауды қолға алдық. Жыл сайын 100 мың тонна жол битум-

мын әкелуге келісім жасалды, – дейді Рахым Баянов.

Рахым Баянов Қарағандыда жолды тақтайдай қылуға бәрі дайын, артық ештеңе тасымалдаудың қажеті жоқ деп есептейді.

– Батыс Қазақстанға қиыршық тас дайындау үшін 3505 бірлік жартылай вагон тартылған. Оның 2 995-і «ҚазТемірТранс» АҚ-на Ақтөбе облысынан жеткізуді (500 шақырым) жүзеге асырады. Қарағандыда ондай тапшылық жоқ. Табиғи қиыршық тастың өзін қолдануға қажетті, жолды тегістеуге мүмкіндік көп, – дейді ол.

Маманның сөзіне сүйенсек, 1 шақырым жерге екі қабат асфальт жабынын салуға шамамен 190 млн. теңге жұмсалады. Ал, жаңа технологияны қолдану арқылы кететін шығындар 90 млн. теңгені құрайды.

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» Қарағанды облыстық филиалы директоры Нұржан Темірханов жөндеу жатқан жол сапасы биыл қатаң бақылауға алынатынын айтады.

– Бұрын қаладағы сапа мәселесіне техникалық бақылаушылар ғана жауап беретін. Тендерлі төмен бағаға ұтып алған олардың көбі кемшіліктерге көз жұма қарайтын. Биыл ұлттық сапа орталығына жүктелген міндет салмақты, – дейді Нұржан Темірханов.

Төрт күндік семинар аясында «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» филиалында топырақты нығайту және тұрақтандырудың жаңа әдістері көрсетіледі деп күтілуде. Сондай-ақ, ресейліктер асфальт-бетонды регенерациялауды зертханалық жұмыс түрінде ұсынбақшы.

Суретті түсірген автор